

---

---

## ЭТНОМӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ

---

---

ӘОЖ 306.4

### ҚУАТТЫ МӘДЕНИЕТТЕРДІҢ ТІЛДІК ЫҚПАЛЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮРДІ САҚТАУДА ПАТРИОТТЫҚ РУХТЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

### LINGUISTIC IMPACT OF DOMINANT CULTURES AND IMPORTANCE OF PATRIOTIC SPIRIT IN PRESERVATION OF NATIONAL TRADITION

БОТАКӨЗ ҚҰЛЖАЕВА\*

#### Түйіндеме

Автор өз мақаласында қуатты мәдениеттердің даму барысында айналасындағы өзге мәдениетке тигізер әсері мен өзара болатын байланысы туралы баяндайды. Тарихқа көз жібере отырып көптеген елдерде орын алған екі немесе үш тұғырлы тіл саясатының қолдану себептері, жергілікті халық тілімен қатар сырттан әсер еткен өзге мәдениеттің салдарынан орын алатын бірнеше тілдің қатар қолдану себептерін ашуға тырысқан. Түркі жұртында да бұрын араб, парсы тілдерінің кең қолданыста болғандығына жан-жақты тоқталады.

**Кілт сөздер:** мәдениет, тарих, үш тұғырлы тіл, түркі жұрты, араб және парсы тілдері.

#### Summary

In the article author regards how dominant cultures in the process of development influence to other cultures and how these cultures correlate with each other. History shows that there existed many bilingual or trilingual countries. The author tries to reveal preconditions of formation of this phenomenon. Along with it she analyzes the situations when in one state along with native languages acts other languages as a result of influence of foreign cultures. As an example of such situation it was considered Turkic people who could spoke either in Arabic and Persian.

**Key words:** cultures, History, languages acts, Turkic people, Arabic and Persian.

Тіл – қатынас құралы. Сөйлесу арқылы адам бір-бірін ұғынады, түсіну арқылы өзіне қажетті нәрсені айтады, ойға алған ісін жүзеге асырады. Бір-бірін ұғынысу арқылы ортақ мәдениет қалыптасады. Әлемнің түкпір-түкпірін мекен еткен мыңдаған ұлттар мен ұлыстар,

---

\* ОҚО Шымкент қалалық Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. Шымкент-Қазақстан.

Teacher of Kazakh Language and Literature, Nazarbayev Intellectual School with Physics and Mathematics direction Shymkent city, South Kazakhstan Region. Shymkent-Kazakhstan.

жекелеген ұсақ этностар да өзіне лайықты мәдениет қалыптастырды, тұрмыстық деңгейі мен орналасқан аймағына ыңғайлы салт-дәстүрін түзді. Сол бір мәдениет астында ғасырлар бойы ұйысқан, атадан-балаға мұра болып сақталып келген әркімнің өз тілі мен дәстүрі әрқашанда әркімнің өзінің жанына жақын, көзіне ыстық боп тұрады. Бұл турасында антика кезінде өмір сүрген тарихтың атасы Геродоттың өзі мынадай тұжырымға келген: «Егер халық біткенге әлемдегі барша әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлердің ішінен ең озығын таңдауға ерік берілер болса, онда әрбір халық мұқият елеп-екшей келіп өздерінің әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін таңдаған болар еді» [1, 14].

Әр халықтың салт-дәстүрі, қалыптасқан әдет-ғұрпы өзіне ыңғайлы. Ғасырлар бойы ата дәстүрді жалғастырып, атадан-балаға мұра ретінде қалдырып келген. Алайда, адамзат баласы тек өзімен-өзі ғана болып томаға-тұйық өмір сүре алмаған. Бір ел екінші елмен қарым-қатынасқа түсу арқылы дамыған. Бірінде жоқты бірінен алу, бірінен бірі үйрену арқылы дамудың келесі сатысына қадам басып отырады. Адамзат баласы өркениетке құлаш ұрып, қарқындап дами бастаған кезден бастап артта қалған, көшке ілесе алмай жатқан ұсақ этностар өмір сүруін тоқтатып, тасқынды мәдениет ішінде тілімен қоса өздері де жұтылып кетіп жатыр. Қай дәуірде болмасын мәдениеті жақсы дамыған елдер енді ғана дамудың жолына түскен өзге халықтарға мейлінше өз ықпалын жасап отырады. Яғни дамыған қуатты ел әлсіз елдерге өз өктемдігін жүргізеді.

Өз мәдениеті толысып қуатты елге айналғанға шейін өзінен қуатты елдің мәдениеті аясында өзіне қажетті ақпарат пен білімді бойына сіңірумен болады. Бұл барлық дамыған елдердің басынан кешірген құбылыс екендігін көреміз. Кезінде әлемді аузына қаратқан талай империялар мен қағанаттар өмірге келді, бірнеше ғасыр үстемдік жүргізген соң күйреуге ұшырап отырды. Соның негізінде басқа тайпалар күшейіп оның орнын басты, ескінің орнына жаңа мәдениет келді, жаңа құндылықтар ескінің орнын басып жатты. Мәңгілік ештеңе жоқ, алайда мәдениеті күшті халықтар кейін әлемдік деңгейге жайылатын діни түсінікті дүниеге алып келіп отырды. Осылайша адамзатқа ортақ құндылықтар қалыптасты. Діни түсінік негізінде қалыптасқан мәдени құндылықтардың күштілігі сондай ғасырлар бойы жайқалып тұрған талай мемлекеттер мен халықтар сол мәдениетке жұтылып отырған. Ислам діні орныққаннан соң айналасындағы жиырмаға жуық мемлекет өз тілінен айырылып ассимиляцияға ұшырады, араб тілді халыққа айналып шыға келді. Алыс жердегі

халықтардың өзі осындай қуатты мәдениетке магнитше тартылып жатты.

Кезінде әлемді тітіреткен түркі жұртының өзі айналасындағы мәдениеті жоғары халықтардың ықпалынан шыға алмай қалған кездері болды. Шыңғыс ханның немересі Құбылайдың ұрпағы Қытай мемлекетін билеген тұстан бастап уақыт өте келе қытайлана бастады, ақыры сол халыққа айналды. Ұдайы ат үстінде жүрген түркі жұрты әлемнің талай жерін жаулағанымен алдынан шыға беретін қуатты мәдениетке қарсы төтеп беру әрқашан да оңайға соқпаған. Жаулап алу қиын, сол жаулап алған елдің мәдениетіне ықпал ету одан да қиын екендігін жақсы түсінген. Тарихи жәйттерге көз салып қарасақ ата-бабаларымыз ылғи да үш тұғырлы тіл аясында өмір сүрген, үш мәдениеттен қатар сусындауға мәжбүр болғандығын көреміз. Мысалы, Мысыр жерінде билік құрған мәмлүк қыпшақтарының сарайында қыпшақ тілі қолданылған болса, мемлекеттік тілдің араб тілі екендігі айтпаса да түсінікті. Иран жұрты өз тілінің қолданысын кеңейту мақсатында жүргізген қажырлы күресінің арқасында араб тілінен кейінгі мәдени тіл деңгейіне шейін көтерілді. Исламға шейін де жазба әдебиеті жақсы дамыған парсы мәдениеті араб мәдениетіне жұтылып кетпей өз мәдениетін сақтап қана қоймай оны дамытудың жаңа сатысына көтерілді.

Иран жазба әдебиеті Сасанидтер мемлекеті тұсында айрықша күшейді. Мемлекеттік діни зороастризм болған парсылардың ортақ идеологиясы мен діни қағидаға бағынған орталық басқару жүйесі қалыптасты. Оның үстіне жазба мәдениеті де аса жоғары болды. Үнді жерінде дүниеге келген «Панчатартра» секілді еңбектер сасанидтер әулеті тұсында 6-7 ғасырларда-ақ иран тіліне аударыла бастады. Ислам діни Иран жеріне жайылғанда парсылардың мәдениеті дамыған халық екендігін мойындауға мәжбүр болған. Сондықтан да араб мәдениеті өркен жайған тұста сол мәдениетке үлес қосушы азамат (араб емес) халықтары арасында 8-9 ғасырлардан бастап мұсылман ғұламаларының бірқатары Иран жұртшылығынан шығып отырған, соның негізінде көптеген әдебиеттер арабшамен қатар парсы тілінде оқытылатындай дәрежеге қол жеткізді.

Қазақ жұрты мұсылманшылықты қабылдаған тұста араб мәдениеті ғана емес парсы мәдениетінің де күшейе бастаған дәуірі болатын. Түркілер дінді тікелей арабтардан емес, сонымен қатар парсылардың мәдени ықпалы арқылы да қабылдай бастаған еді. Оған себеп сол дәуірде парсы жұртынан діни ғұламалар көптеп шыға

бастады. Ел басқарған хандар мен әскербасылар өз тайпасынан болғанымен өзге тілде іс жүргізу дәстүрі әрқашан да болған. Тіпті өз тілі қолданыстан шығып тек отбасы, ошақ қасында қалған да кездер кездеседі. Бұл әсіресе саманидтер дәуірінде және одан кейінгі дәуірлерде айрықша сезілген. Мысалы, түрік тілін ту ету жолында күрескен ұлы тұлғалар қатарынан Қожа Ахмет Ясауи, Әлишер Науаи секілді ұлы сопыларымыз бен шайырларымызды атауға болады. Сол дәуірде ғылым мен әдебиет, мемлекет тілі араб-парсы болып тұрған тұста Қожа Ахмет Ясауи былай деген:

«Қостамайды ғалымдар сіздің айтқан түрікшені,  
Арифтерден естісең ашар көңіл желкенін.  
Аят, хадис мағынасы түркі болса құбақұп,  
Мағынасына жеткендер жерге қояр бөркіні.  
Міскін, зағип Қожа ахмет, жеті атаңа рахмет,  
Парсы тілін де біледі, құп айтады түркі тілін»[2, 51].

Түркі жұртына парсылық әдебиеттің әсері әсіресе Қараханидтер дәуірінде қатты сезіле бастады. Айталық Ж.Баласағұнидің «Құдадғу біліг» дастаны түркілердің «Шахнамасы» атануының өзі де парсы әдебиетінің ықпалын байқатады. Әсіресе, IX - X ғасырлардан бастап жазба әдебиеті қарқынды дами бастаған парсылардың ықпалы көршілес отырған араб және түркі жұртына кең тарай бастады. Түркі жұрты араб мәдениетімен қатар парсы мәдениетін де үйренуге мәжбүр болды, себебі діни әдебиеттің дамуы жолында парсы әдебиетінің үлесі айрықша болғандығын айтпасақ болмайды. Бұл тек Орта Азия әдебиетіне ғана емес Түркия түріктерінің әдебиетінің дамуына да өз үлесін қосты. Ендеше сол дәуірдің өзінде түркі, араб және парсы тілдері қатар жүргендігін көреміз. Бұл үш тілдік мәдениет ұзақ жылдар бойына жалғасын тауып отырды. Бұл үрдіс кейінгі XIX ғасырдың соңына шейін жалғасып келді.

Орта ғасырларда түркі халықтары өз егемендігіне ие болып тұрды, көптеген халықтарды өздеріне бағындырып үстемдік құрды. Алайда, сол кезеңдерде әр халық өз тілінің үстемдігі үшін күресті, тілдік жарыс айықша сипатта болған. Парсылар өз тілін жоғары көтеру үшін философиялық трактаттар мен поэзияны тек парсыша жазды. Осылайша олар ешқандай қарусыз-ақ өз тілін жоғары деңгейге көтерді. Керісінә көптеген елдерді жаулап алғанына қарамастан түркі тілі тек сарай іші тілі деңгейінде ғана өмір сүрді. Ол турасында Т.Қыдыр мынадай дерек келтіреді: «Бір кездері араб тілі парсы тіліне айтарлықтай қауіп төндірген болса, енді әдебиет әлемінде парсы тілі

түркі тіліне белгілі бір дәрежеде ықпал ететін күшке ие болды. Парсы тілінің мұншалықты кең таралуына, жоғарыда айтып өткеніміздей, ұлтшыл шайырлар ешбір жоспарсыз-ақ, тек қалам құдіретінің арқасында қол жеткізді. Осы кезеңде әдебиет тарихында «Зуллисәнәин» яғни, екі тілде қатар жазатын шайырлар шоғыры пайда болды. Алтын Орда тұсында өмір сүрген Харазмиден бастап, кейінгі ғасырлардағы Сопы Аллаярға дейін алғашқы туындылар «поэзия тілінде» беруге тырысты... Десек те өткен тарихқа назар аударсақ, түркі ұландарының өз шығармалары арқылы тіл мәселесін жиі көтеріп отырғанының куәсі боламыз. Бұл дәстүр Қараһандықтар тұсында жазылған көне жәдігерлерде шығарма ішінде екі-үш жол арқылы берілсе, кейінгі ғасырларда бұл тақырыпқа бүтіндей бір еңбек арналған» [3, 51].

Демек, тілдің қыспақта қалуы, дамымай құрдымға кетуі тек сыртқы жаулардың өзге елді тұтастай жаулап алуы арқылы сол елдің тіліне қысым жасауынан ғана тұрмайды екен. Оның ар жағында белгілі бір мәдениеттің қарқынды тасқыны келесі бір халықтың тілінің дамуына кедергі келтіретіндігін көруге болады. Сондықтан да әр халық өз тілінің тазалығы мен дамуы үшін ұдайы күресіп отыруы керек.

XIX ғасырдан бастап орыс тілі арқылы Еуропа мәдениетінің ықпалы күшейе түсті. Себебі орыс мәдениеті ХҮІІ-XIX ғасырларда батыстың, әсіресе француз бен неміс мәдениеті ықпалында дами бастағаны анық. Орыс интеллигенциясы ол заманда кемінде үш тілде сөйлейтін болған. Орыс дворяндары XIX ғасырда көбіне француз тілінде сөйлейтін еді. Л.Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік» кітабында орыс аксүйектерінің сөйлеу мәдениеті қай тілде болғандығын жан-жақты суреттейтіні бар. Ресейдегі жоғары оқу орындарында дәрістер көбіне сол батыс тілдерінде өтетін болған. Орыс тілін дамыту жолында Ломоносов, Пушкиндер айрықша еңбек етті. Орыс мәдениетінің дамуы да кезінде үш тұғырлы тілдік басымдықты бастан кешіруге мәжбүр болды.

XIX ғасырдағы қазақ зиялыларының көпшілігі бірнеше тілді еркін меңгергендігімен ерекшеленеді. Мысалы ұлы Абай араб, парсы, шағатайша жақсы білуімен қатар замана көшіне ілесу үшін орыс тілін де өз бетінше оқып үйренуге мәжбүр болды. Бұл Абайдың қазақ жазба әдебиетін қалыптастыруы жолында айрықша маңызды рөл атқарған. Абай Шығыс әдебиетімен қатар Батыс әдебиетін де орыс тілі арқылы меңгерді. Осылайша қазақ ренессансы басталды. Демек қазақ әдебиеті әлемдік әдебиетке көтерілді, оны биікке көтерген ақын – Абай. Абай

шығармаларындағы ренессанстық сипаттың басымдығы жайлы академик С.Қасқабасов мынадай тұжырым жасайды: «Шығыста Ренессанстық белгі – исламның Аллаға, оның сүйікті туындысы Адамға (Адам Атаға) айрықша мән беру болса, Батыс елдерінде Ренессанстың ең басты белгісі – инквизициядан құтылып, Адамға бұрылу, оның ішкі дүниесіне үңілу еді. Мәселен, Батыстың сол кездегі ұлы ойшылдары мен өнерпаздары (Леонардо да Винчи, Микеланджело, Тициан, Данте, т.б.) инквизиция тұсында тапталған Адамды құдай дәрежесіне көтеріп, антикалық құдайларды Адам қатарына қосқаны белгілі.

Абай болса Адамды – танылуы қиын жұмбақ («Мен бір жұмбақ адаммын») деп біледі. Сондықтан Абай Адамға өзін-өзі түсініп, тани алатын сенім дарыту қажет, ол үшін оның рухын көтеріп, оны қанаттандыру керек, дүниенің кілті өз қолында екеніне, бәрін өзі істей алатынына иландыру міндет деп санаған («Сен де – бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар қалан!»)» [4, 78].

XX ғасырдың басындағы Алашорда үкіметін құрған қазақ зиялылары да бірнеше тілді білген. Ахмет Байтұрсынұлы қазақтың араб пен парсы мәдениетімен ұштасып жатқан қазақ мәдениетін Батыс өркениетімен жақындастыру жолында И.Гаспыралы бастаған реформалық «жәдидшілдік» идеясын қолдаған болатын. Сол бағытта араб графикасы негізінде «Қазақша жазу елмесін» құрастырды, қазақ грамматикасын жасады. Демек қай кезеңде де қай елге болмасын сыртқы тілдің ықпалы болған, елдің дамуы үшін халықаралық басымдыққа ие тілді меңгеру арқылы елдің мәдениетін дамытуға, экономикалық байланысты нығайтуға болатындығын және бұл бұрыннан келе жатқан сүрлеу болғандығын тарих беттерінен көреміз.

XXI ғасырда Қазақстан өз тәуелсіздігіне қол жеткізген соң даму жолына қадам басты. Елбасымыз Н.Назарбаев үштұғырлы тіл туралы ойды алғаш рет 2006 жылы Қазақстан халқының Ассамблеясында айтқан еді. Елбасының өзі: «Қазақстан бүкіл әлемде халқы үшін үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық тіл, ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі», - деген болатын.

Елімізде үш тұғырлы тіл мәдениетін қалыптастыру үшін ағылшын тілі таңдап алынған болатын. Ағылшын тілі – бүгінде халықаралық қатынастың, ғылым мен техниканың, бизнес пен дипломатияның, бұқаралық ақпараттың тілі ретінде әлемнің барлық жерінде қолданылады. Қазіргі кезде әлемнің 75 елінде кеңінен

## Құлжаева Б. Қуатты мәдениеттердің тілдік ықпалы және ұлттық дәстүрді...

қолданылса, 19 елде ол мемлекеттік тіл болып табылады. Ағылшын тілі әсіресе XX ғасырдың 60 жылдарынан бастап кеңінен қолдана бастаған. Қазіргі кезде БҰҰ, ЮНЕСКО, Бүкіл әлемдік Денсаулық сақтау ұйымы секілді көптеген халықаралық ұйымдардың ресми тілі болып табылады. Қазіргі таңда ағылшын тілін тереңдете меңгеру ісі жоғары және орта дәрежедегі оқу орындарында жақсы қолға алынып жатыр. Сол арқылы әлемдік деңгейге көтерілу, өз мәдениетінді ағылшын тілінде насихаттау жұмысы қолға алынып жатыр. Осы тұрғыда қазақ тілінің байлығын шетелге насихаттау, өз мәдениетіміздің құнды жәдігерлерін жан-жақты көрсетіп, дәріптей түсу жағына әлі де тереңдей бойлай түскеніміз дұрыс болар еді. Егер тек тілді меңгеріп қана қойсақ онда сол тілдің дамуына ғана жұмыс жасаймыз, өз тілінді дамытуға мән бермейсің. Ал, тілді меңгеру арқылы өз мәдениетінді дәріптей алсаң - өзге елге өз мәдениетінді мойындатуға қызмет еткен боласын.

### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сейдімбекова А. *Күңгір-күңгір күмбездер: Сұлулық туралы сырлар.* – Алматы: Жалын, 1981. – 240 бет.
2. Н.Кемал Зейбек. *Ахмет Йасауи жолы*/Аударған: Д.Кенжетай, «Бойут-Таң»: Анкара, 2002. – 96 бет.
3. Т.Қыдыр. *Науаидың «Екі тіл туралы пікір» («Мухәкәмәтул-Луғәтәин») атты шығармасындағы әдеби өрнектер*// «Түркі жазба мәдениеті және Ахмеди Ысқақовтың тілдік мұрасы» атты Республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдар жинағы. 15/11/2010ж. Түркістан, «Тұран» - 2011ж.
4. Қасқабасов С.А. *Абай.* Алматы: «Алматы баспа үйі» ЖШС, 2010. – 112 бет.